

"Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушиларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 18-04/1030 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 13 қаңтарда № 12859 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушиларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11227 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 25 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларында:

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және бес адамнан кем болмауға тиіс.

Конкурстық комиссияның шешімдері отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі және хаттамамен ресімделеді.»;

49-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«49. Өтінім берілген балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) участексіне байланысты, осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, өтінімге қосымша келесі құжаттар тіркеледі:

1) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу мақсатында (ащы-тұзды су айдындарын қоспағанда) Каспий, Аral теңіздері, Зайсан, Балқаш көлдері, Бұқтарма, Шұлбі, Шардара, Алакөл көлдері жүйесі, Ертіс өзені, Қапшагай су қоймасы, Жайық, Қиғаш, Сырдария өзендері үшін:

осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау мен өндіреу\* жөніндегі негізгі құрал-жабдықтардың, технологиялық жабдықтар мен өзге де материалдық-техникалық құралдардың болуы туралы анықтама

(бұдан әрі - негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама) (түпнұсқа);  
ескертпе: \*өндіреу осы Қағидалардың 49-тармағының 1) тармақшасының бірінші  
абзацында көрсетілген су айдындары үшін балық шикізатын өндіреді (оның ішінде  
терминалық), бөлшектеуді (қабыршығынан аршуды, бөлшектеп бөлуді, сүбе етін алуды  
, басын кесіп алуды, терісін сыйыруды, етін тартуды, ішек-қарнынан тазартуды),  
қақтауды, сұықтай ыстауды, ыстықтай ыстауды, балық ұнын (майын) (бар болса)  
өндірүді

білдіреді.

Қатысуши негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама берген кезде балық  
ресурстарын және басқа су жануарларын аулау мен өндіреу бойынша мәлімделген  
технологиялық жабдықтардың қуаты балық шаруашылығы участкесінің немесе су  
айдынының әлеуетті қуатынан кем болмауға тиіс, ол мына формула бойынша  
анықталады:

$V=VL/SY$ , мұнда:

SY – соңғы үш жылдын су айдындағы орташа участкелерінің саны;

VL - соңғы үш жылда су айдында балық ресурстарын аулаудың белгіленген  
лимитінің орташа көлемі;

SY – мына формула бойынша анықталады:

$SY=(Y_1+Y_2+Y_3)/3$ , мұнда:

$Y_1, Y_2, Y_3$  – конкурс өткізу жылдары алдындағы үш жылда участкелерінің саны.

VL мына формула бойынша анықталады:

$VL=(L_1+L_2+L_3)/3$ , мұнда

$L_1, L_2, L_3$  – конкурс өткізу жылдары алдындағы үш жылда аулаудың заңнамаға  
сәйкес белгіленген лимиттері.

конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннен бір айдан ерте  
берілмеген қатысушиның атына тіркелген аулаушы және көліктік флот, оның ішінде  
шағын көлемді флот туралы мемлекеттік кеме тізілімінен көшірме (түпнұсқа);

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23  
қаңтардағы № 7-1/37 бүйрығымен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды,  
жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта  
өндіреді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ  
ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және  
өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларының (Нормативтік  
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) 4-  
қосымшасына сәйкес нысан бойынша балық өнімінің экспортты үшін есеп нөмірінің  
болуы туралы растама (көшірме);

2) кәсіпшілік балық аулауды жүзеге асыру мақсатында басқа балық шаруашылығы  
су айдындары және (немесе) участкелері үшін:  
негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама (түпнұсқа);  
конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннен бір айдан ерте

берілмеген қатысушының атына тіркелген аулаушы және көліктік флот, оның ішінде шағын көлемді флот туралы мемлекеттік кеме тізілімінен көшірме (түпнұсқа);

3) аңызы-тұзды су айдындары және (немесе) участекері үшін: жинау және бастапқы өндөуден өткізу үшін меншігінде құралдардың болуы туралы мәліметтер (түпнұсқа);

негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама (түпнұсқа);

4) жергілікті маңызы бар балықтардың қырылып қалу қаупі төнген су айдындары мен (немесе) участекері үшін:

осы Қағидаларға 6-2-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы мелиоративтік жұмыстарын жүргізу үшін негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама (бұдан әрі – мелиорациялық жұмыстардың жүргізілуі туралы анықтама) (түпнұсқа);

5) әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу мақсатында балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участекері үшін:

конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннен бір айдан ерте берілмеген қатысушының атына тіркелген жүзу құралдары туралы мемлекеттік кеме тізілімінен көшірме (түпнұсқа);

балық шаруашылығы және туризм саласында мамандардың болуын растайтын құжаттар (жасалған еңбек шарттары мен дипломдардың көшірмелері);

қатысушының жеке меншігінде өтінім берілген балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) участекесіне іргелес жер участекесінің болуын растайтын құжаттар (көшірме);

қатысушының жеке меншігінде жер участекесіндегі инфрақұрылымның болуын растайтын құжаттар;

қатысушының жеке меншігінде автомобиль көлігінің болуын растайтын құжаттар;

аулау құралдарының болуы туралы мәліметтер (көшірмесі);

6 ) К Т Б Ш үшін :

ғылыми ұсыныстар негізінде КТБШ құру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу жөнінде үш жылдан аспайтын мерзімге арналған аумақтық бөлімшемен келісімделген және өтінім берушінің басшысы бекіткен балық шаруашылығын дамыту жоспары (түпнұсқа);

мелиорациялық жұмыстардың жүргізілуі туралы анықтама (түпнұсқа);

балық шаруашылығы саласында маманның болуын растайтын құжаттар (жасалған еңбек шартты мен дипломның көшірмелері);

7) шарбақтық балық өсіру шаруашылығы үшін:

шарбақтық балық өсіру шаруашылығын құру бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге арналған балық шаруашылығын дамыту жоспары (түпнұсқа);

барлық растайтын құжаттар қоса тіркелген балық өсіру үшін меншік құқығында шарбақтың болуы (көшірмесі);

балық шаруашылығы саласында маманның болуын растайтын құжаттар (жасалған

еңбек шарты мен дипломның көшірмелері);

меншік құқығында тұйықталған сумен жабдықтау қондырғыларында балық өсіру және оны тасымалдау өндірісінің болуы (тірі балық тасу машиналары) (көшірме»);

осы бүйрықта 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 6-1 және 6-2-қосымшалармен тоғызылсын;

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін бекітіп беру жөніндегі конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участеклерін бекітіп беру жөніндегі конкурсқа қатысушыларға мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) салық берешегінің, міндettі зейнетақылық жарналар, міндettі кәсіби зейнетақылық жарналар және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болмауы;

2) Балық шаруашылығын дамыту жоспарлары бойынша осының алдындағы жылдар үшін береңектің болмады.

3. Өтінім жасалған су айдынына және (немесе) участексіне байланысты, осы Біліктілік талаптарының 2-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарынан басқа, Конкурсқа қатысушылар мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

1) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу мақсатында (ащы-тұзды су айдындарын қоспағанда) Каспий, Аral теңіздері, Зайсан, Балқаш көлдері, Бұқтарма, Шұлбі, Шардара, Алакөл көлдері жүйесі, Ертіс өзені, Қапшағай су қоймасы, Жайық, Қиғаш, Сырдария өзендері үшін:

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын өндеу жөніндегі негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың және өзге де материалдық-техникалық құралдардың қатысушының меншік құқығында болуы;

меншік құқығында балық аулау (ұстау) флоты мен кәсіпшілік аулау құралдарының бодалуы;

2) ащы-тұзды су айдындары және (немесе) участеклері үшін:

жинау және бастапқы өндеу үшін құралдардың меншік құқығында болуы; негізгі құрал-жабдықтардың меншік құқығында болуы;

3) әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу мақсатында басқа балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участеклері үшін:

меншік құқығымен жүзу құралдарының және автомобиль көлігінің, өтінім берілген балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) участекінің жағалауында инфрақұрылымы бар жер участексінің болуы;

4) КТБШ жүргізу мақсатында балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участеклері үшін:

балық шаруашылығы саласында маманың болуы; меншік құқығымен балық өсіру-мелиоративтік техниканың болуы;

5) шарбақтық балық өсіру шаруашылықтарын жүргізу мақсатында балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участеклері үшін: балық өсіру үшін шарбактардың меншік құқығында болуы; балық шаруашылығы саласында маманның болуы;

түйікталған сумен жабдықтау қондырғыларында балық өсіру өндірісінің және оны тасымалдау құралдарының (тірі балық тасу машиналары) меншік құқығында болуы.».

2. «Қатысуышының жеке меншігіндегі негізгі құралдардың, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау мен өндеу жөніндегі технологиялық жабдықтар мен өзге де материалдық-техникалық құралдардың, сондай-ақ балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізу үшін негізгі құралдардың болуы туралы анықтаманың, балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізу үшін негізгі құралдардың болуы туралы анықтаманың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 20 тамыздағы № 250-Ә бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8640 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 203 (28142) санында жанияланған) күші жойылды деп таңылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығына» жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасы  
А. Мамытбеков

«КЕЛИСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрі

----- Э. И с е к е ш е в

2015 жылғы 30 қаңтар

« К Е Л И С И Л Д И »

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі  
----- Е. Досаев

2015 жылғы 18 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 24 қарашадағы

№ 18-04/1030 бүйрекіне

1-қосымша

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы  
су айдындарын және (немесе) участкерін  
бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу  
қағидаларына 6-1-қосымша

Нысан

**Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау мен өндөу жөніндегі  
негізгі құрал-жабдықтардың, технологиялық жабдықтар мен өзге де  
материалдық-техникалық құралдардың болуы туралы анықтама**

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1.	Балық шаруашылығы өнімін тоқазытуға, мұздатуға арналған ыдыстар	тонна	
2.	Есептік нөмірі №_____ көрсетілген балықты және басқа су жануарларын терең (түпкілікті) өндөуге арналған цехтар	тонна/тәулік	
3.	Тасымалдау (балық аулау) флоты, оның ішінде: 1) қуаты 40 ат күші және одан жоғары өздігінен жүретін (тұрақты қозғалтқышы бар) 2) шағын көлемді, оның ішінде өздігінен жүретін, аспалы қозғалтқышы бар	бірлік	
4.	Аулау құралдары, оның ішінде: 1) сүзекі 2) құрма ау, қабада	дана	
5.	Басқалар (көрсетілсін)		

Осы анықтамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Толтыру күні \_\_\_\_\_ Өтінім беруші \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ұйымның атауы)

(Бар болса) қолы \_\_\_\_\_

М е р о р н ы

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 24 қарашадағы  
№ 18-04/1030 бүйрекіна  
2-қосымша

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы  
су айдаңдарын және (немесе) участкерлерін  
бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу  
қағидаларына 6-2-қосымша

Нысан

**Балық шаруашылығы мелиоративтік жұмыстарын жүргізуге  
арналған негізгі құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама**

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1.	Балық аулайтын жұзу құралдары	бірлік	
	Аулау құралдары, оның ішінде:		
2.	сүзекі	дана	
	құрма ау, қабада	дана	
	Балық өсіру-мелиоративтік техника:	бірлік/дана	
	қамыс шалғылары		
3.	жер қазатын техника		
	аэраторлар		
	автокөлік және (немесе) тірі балық тасымалдауға лайықталған ыдыстар		
4.	Басқалар (көрсетілсін)		

Осы анықтамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаймын.  
Толтыру күні \_\_\_\_\_ Отінім беруші \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе үйимның атауы)

(Бар болса) қолы \_\_\_\_\_

М е р о р ы